



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

СЫРТҚЫ ҚАРЫЗ: МҮМКІНДІК ПЕН МӘСЕЛЕ



Мемлекеттің сыртқы қарызы туралы тақырып қозғалса, жабыла талқылайтынмыз жасырын емес. Көбінің сөз райы «қарызға багтық, шикізатпен өтейміз» деген долбардан басталып, «төлемесек, түбі жер кетеді» деген аңғал қорқынышқа да ұласып жататыны бар. Алайда бұл тұрғыда қайдан

не алып, келген қаржының қай мақсатқа жұмсалатыны маңызды екені тасала қалатындай. Сондықтан бүгінгі мақала мазмұнын Қазақстанның сыртқы қарызына бағыттауды жөн көрдік.

Ұлттық банктің мәліметінше, өткен жылы мемлекеттің сыртқы қарызы 161,9

млрд долларды құраған. Есте болса, 2022 жылдың осы кезеңінде бұл жеке 160,6 млрд долларға тұрақтаған еді. Демек, экономикалық есепке салсақ, жылжыбар есеп айырымының 0,8 пайызға аз екенін көрсетіп тұр. Аталған сандық көрсеткіш алдағы талдаудың тірегі болмақ.

«Қорқыт ата» әуежайының жолаушылар мен жүк ағымын одан әрі ұлғайту, қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында әрі қазіргі заманауи ғимараттың қажеттілігіне орай жаңа терминал салу жөнінде шешім қабылданған болатын. Бұл ретте жеке инвестор Болат Өтемұратовтың қоры әуежай терминалының жұмыс жобасын әзірлеуге кіріскен еді.



ЖАҢА ТЕРМИНАЛ МАМЫРДА АЯҚТАЛАДЫ



Өткен аптаның соңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен қала әкімі Серік Қожаниязов «Қорқыт ата» әуежайы терминалының құрылыс барысымен танысты. Алдымен аймақ басшысы әуежай аумағын абадтандыру, қоғалдандыру жұмыстарын саралап, кіреберіс жол салу мәселесін талқылады.

Әуежайдың құрылысы 2023 жылдың ақпанынан басталған болатын. Осы кезде терминал аумағын абадтандыру мен қоғалдандыруға жарияланған мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпаздары анықталып, тиісті жұмыстар басталды.

Қазіргі уақытта әуежайдың жаңа терминалының негізгі құрылыс жұмысы 91% орындалған. Оның ішінде әрлеу жұмыстарының 87,3%-ы жасалған, инженерлік желілер толығымен жүргізілген, электр желілерін тарту 89,7% біткен. Құрылысқа пайдаланылған материалдар жоғары сапалы, орнатылатын құрал-жабдықтардың барлығы Еуропа елдерінен әкелінген.

Мердігер компания өкілі терминалдың құрылысы мамыр айында толық аяқталатынын баяндады. Облыс әкімі абадтандыру, қоғалдандыру кезінде егілетін ағаштар, гүлдер жергілікті климатқа бейімделген болуы керектігін ескертті. Сонымен қатар жол сапасына баса мән берілуі керектігін айтты.

500 мың жолаушыға қызмет көрсете алады

Айта кету керек, меценат «Болат Өтемұратовтың қоры» өңірде халықаралық стандарттарға сай заманауи терминал салуда. Қазіргі әуежай жылына 307 мың адамға қызмет көрсетсе, жаңа терминал іске қосылғаннан кейін 500 мың жолаушыны қабылдай алады. Ал жүк тасымалдау көлемі 150 тоннадан 240 тоннаға дейін ұлғаяды. Құны 25 миллион долларды, алаңы 7500 шаршы метрді құрайтын терминалда телескопиялық трап екі қабатты болады. Жолаушыларға оның ішінде қозғалыс қабілеті шектеулі азаматтарға ыңғайлы болуы үшін эскалаторлар мен лифтітер қарастырылмақ. Жылдам әрі жайлы қызмет көрсету үшін өзін-өзі тіркеу бағандары, жүкті беру және өңдеу автоматтандырылады.

Облыс әкімі өңірдің негізгі әуе қақпасы заманауи талаптарға сай болуы керектігін айтты. Бұл ретте әуежай басшысына қор өкілдерімен бірлесіп, құрылысқа қажетті жұмысты үйлестіріп, уақытылы аяқтауды тапсырды. Жаңа терминал құрылысы аймақ басшысының тұрақты бақылауында болады.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ
Суреттер облыс әкімдігінің баспасөз қызметінен

СҰХБАТ

Жұмагүл СЕЙДАХМЕТОВА, №144 мектеп директоры:

АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ҰЖЫМДЫҚ МАҚСАТ

Қалаға қарасты Қызылжарма ауылдық округі – бір ғасырдан астам тарихы бар қасиетті мекен. Осы мекенде тарихы әріден бастау алатын білім ордасы орналасқан. Ол – №144 Сақтапберген Әлжіков атындағы орта мектеп. 1922 жылы «Ақ школ» деген атаумен ашылған. Алғашында бастауыш мектеп болса, кейіннен заман талабына сай құрылып, он бір жылдыққа айналды. Содан бері бүгінге дейін қаншама ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беріп, шындап шығарды. Осы аптада мектепте ұрпаққа ұлттық құндылықты, тәрбиені дәріптейтін кең ауқымды семинар өткізу жоспарлануда. Осы семинар қарсаңында біз де Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектептің директоры Жұмагүл Сейдахметовамен сұхбаттасуды жөн көрдік.



– Жұмагүл Әдіманапқызы, әңгімеңізді алдымен мектеп тарихынан бастасак... Жалпы мұнда қанша мұғалім жұмыс істейді, қанша оқушы білім алады?

– Халық даналығында «Тарихыңды таны, тұлғанды құрметте» деген жаксы сөз бар. Тарихымызды білу – ұрпақ міндеті екенін естен шығармаймыз. 100 жылға таяу тарихы бар Сақтапберген Әлжіков атындағы орта мектеп ХХ ғасырдың 20-жылдарының аяғында «Ақ школ» деген атпен құрылған. Көне көздердің айтуынша, бір мұғалім, жиырма шақты бала болған екен. «Ақ школ» атанған бастауыш мектеп 1950 жылдарға дейін бастауыш, кейін жеті-сегіз жылдық болып, оқушы санына қарай өзгеріп, 1964 жылы орта мектепке айналған. Ал 1966-1970 жылдары №144 В.И.Ленин атындағы қазақ орта мектебі, 1971-1997 жылдары №144 В.И.Ленин атындағы аралас мектебі, 1998-2001 жылдары №144 Сақтапберген Әлжіков атындағы қазақ орта мектебі, 2003 жылдан 2014 жылға дейін №144 Сақтапберген Әлжіков атындағы қазақ орта мектебі 12 жылдық білім беру бағдарламасының эксперимент алаңы болған. 2014 жылдан бастап Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектеп деп аталады.

Ғасырға жуық уақыт аралығында мектеп дақын арттыруға ерінбей еңбек етіп, ұстаздық келбетімен ел есінде сақталған аяулы ардагерлеріміз бен әріптестеріміз және мектеп түлегі деген атпен халыққа қалтсыз қызмет еткен, етіп жүрген танымал аға-апаларымызды, інісіңділерімізді мақтаныш етеміз. Әсіресе соғыстан екі аяғынан бірдей айырылса да, 40 жылдан астам оқушыларға дәріс берген «Қазақ Мересеві» Бәкібай Дүйсенбиев, майдангерлер Ермахан Баймағанбетов, Жүсіпәлі Ұстабаев, Кәрім Досхожин, Дауылбай Наурызбаев сияқты алдыңғы буын ардагер ұстаздарымыздың сара жолын бүгінгі ардагерлеріміз мектеп дақын арттыруына еңбек етіп, ұстаздардың шын бейнесін танытты.

3-БЕТТЕ

ТӨЗІМДІНІН КӘСІБІ

«Бұрын Өзбекстанда етікшілікті арнайы мамандық қылып оқытқан. Қазір бұл мамандық жойылып, тек кәсіпке айналды», – деді етікші Сағилат Сүйіндіков. Өркім несібесін әр жерден табады. Бірінің тұрақты жұмысы болса, бірінің кәсібі болады. Кейіпкеріміздің бұл саламен айналысып жүргеніне жиырма жылдың жүзі болыпты. – 2004 жылы жұмыс таппай, әр істің басын бір шалып жүрдім. Қиын-қыстау қиы заманда табыс көзін іздедім. Жиен ағам ұстазым болды. Бірге жұмыс істеп, әр ісіне мұқият зер қойып үйрендім. Бұл – етікшілік өнері менің қанымда бар. Арғы ата-тегімнен маған жеткен мұра деп білемін. Атам Сүйіндік – темір ұстасы, әкем қалада танымал аяқ киім тігетін ісмер болған. Қазіргі таңда ұлым да менің ізімді басып, етікші болғысы келеді, – деді кейіпкеріміз ағынан жарылып.

Халқымызда «Ерінбеген етікші болады» деген мақал бар. Таң шапағымен таласа тұрып, біз бен жігіт жанына серік қылатын етікшілердің еңбегі нағыз бейнет. Біз осы кәсіптің қыр-сырын білу мақсатында ескі базар маңындағы Сағилат Сүйіндіков есімді етікшіге жолттық.



3-БЕТТЕ

ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР ӨНЕР ОРДАСЫ

4-БЕТТЕ

Қарыз қайдан шығады?

Әділдік үшін айтайық, кез келген елде сыртқы қарыз бар. Галамдық экономика алпауытына айналған АҚШ-тың сыртқы қарызы 34 триллион доллардан асады. Бас айналдыратын сан. Алайда бұл мемлекет кері кетті немесе жоқтықтан алақан жайды дегенді білдірмейді. Бар болғаны экономикаға қаржы құйылуда, ал оның қайдан, қалай келіп жатқаны алғашқы орындағы мәселе емес.

Осы тұжырыммен алсақ, Қазақстанда да сыртқы қарызды әлеуметтік-экономикалық олқылықты шешуге бағыттауда. Мемлекет-аралық келісім, халықаралық қаржылық ұйым арқылы миллиардтаған қаражат тартып, түрлі саланы алға жылжытты. Байқай бермейтін инфрақұрылым жүйесін жүргізу, өнеркәсіп нысандарын салу, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жұмысы үшін сырттан көп несие алынады. Мемлекеттің стратегиялық жоспарының белгілі бір бөлігі де шетелден қаржы тарту арқылы ғана жүзеге асатынын білеміз. Бұл өз кезегінде жұмыссыздық деңгейін төмендету, халықтың өмір сүру сапасын арттыру секілді өміршен міндеттерді орындауға сеп.

Ал бюджеттің бүйірі толмай тұрғанда ауқымды жобаларды жүзеге асыру қай елге болмасын жүк. Сондықтан сырттан құрадан басқа амал жоқ. Экономист Жүкей Ахметбек БАҚ-қа берген пікірінде аталған ойды растаған болатын.

Мәселе қарыздың сомасында емес, қарыз алушы мемлекеттің төлем қабілетінде жатыр. Мысалы, сыртқы қарызы көп елдердің рейтингінің көшбасында дамыған мемлекеттер тұр. Яғни сыртқы қарыз елдегі кедей не бай екендігін көрсетпейді. Көрші қырғыз, өзбектің бізбен салыстырғанда сыртқы қарызы аз, бірақ бұл олардың экономикасы мықты екендігін білдірмейді, сәйкесінше біздің де жапондардан сыртқы қарызымыз аз, десе де экономикамыз олардан қуатты емес.

Ең бастысы, кез келген қарызды қайтару керек. Мәселе сол қарызға алған ақшаны қалай жұмсағандығына байланысты. Мысалы, Греция, Олимпиада өткіземіз деп 10 млрд доллар алды да, қайтара алмай әбден киналды. Дефолт жағдайына аз қалды. Қысқасы, той жасаймын деп алған несие сынды. Оның қайтарымы жоқ. Ал жапондар қарыз алса оны экономикаға салады да қайтарып алады, – дейді маман.

Соңғы онжылдықта Қазақстанның ірі кредитор елдері өзгеріссіз қалғандай. Статистикаға сүйенсек, еліміз негізгі несие бөлігін Нидерланды мемлекетінен алған. Берешек – 42,5 млрд доллар. Одан кейін Ұлыбритания – 14 млрд доллар, халықаралық ұйымдар – 13 млрд доллар, Ресей – 12,5 млрд доллар қарыз берген.

АҚШ-қа да қарызымыз көп. Олар 11,3 млрд доллар шамасында қаржы алуға құқылы. Ал Францияға 11,2 млрд, Бермуд аралдарына 9,4 млрд доллар, Қытайға 9,2 млрд және Жапонияға 4,9 млрд доллар берешекпіз. Тіпті соңғы бір жыл ішінде БАӘ-ден 1 млрд долларға жуық қаржы алғанбыз. Мұның барлығы – Ұлттық статистика бюросы мен Ұлттық банктің ашық дереккөзіндегі ақпарат.

Қызылорда облысында сыртқы қарыз есебінен атқарылған жобалар аз емес. Мысалы, Қызылорда облысын қамтитын «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі» ауқымды автожол айқын дәлел бола алады. Аталған жобаны Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (ХҚДБ), Азия Даму Банкі, Еуропалық Қайта құру және Даму банкі, Ислам Даму Банкі сияқты төрт халықаралық қаржы ұйымы қатар қаржыландырған болатын. Оған қоса Арал теңізінің ұлтанына сексеуіл егу үшін ХҚДБ-дан қаржы алғаны есімізде.

Сонымен қатар «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасын да шеттен келетін қаржыға жүзеге асырдық. Нәтижесінде су деңгейін 3,2 метрге арттыруға және жағалау сызығын Арал қаласына дейін 25 километрге кеңейтуге мүмкіндік туған еді.

Квазимемлекеттік және жекеменшік сектор: Демократия табыс әкеледі

Қазақстанның сыртқы қарызы тек Үкімет еншісінде десек, қателесеміз. Себебі сыртқы қарыздың ішкі бөлінісі бар. Яғни мемлекеттен бөлек жеке ұйымдар, қаржы институттары, елдегі халықаралық компаниялар да шетелден қаржы тартуда. Сыртқы қарыздың экономика үшін тиімді тұсы да – осы. Қарапайым тілмен айтқанда, кәсіпкерлер шетелден несие алып,

Басы 1-бетте



СЫРТҚЫ ҚАРЫЗ: МҮМКІНДІК ПЕН МӘСЕЛЕ

Қазақстанда кәсіп жүргізеді. Салық – қазынаға, жұмыс – халыққа, табыс – кәсіпкерге. Мұндай жүйенің тиімділігіне кәсіпкерлердің бой үйреткені сонша, бүгінде жекеменшік сектордың сыртқы қарызы 132 млрд долларды құрайды.

Forbes Kazakhstan журналының мамырдағы санында экономист Сапарбай Досжанұлы

мониторинг жүргізу және бақылау қағидаларын бекіту туралы басқа қаулыны жарыққа шығарды. Бес жылда бұл қағидалар үш рет жаңартылды. Соңғы өзгеріс өткен шілдеде енген.

Әрине, квазимемлекеттік болсын, жекеменшік сектор болсын, келдің екен деп қолға ақша ұстайтын қай шетелдік қаржы ұйымы болсын. Әрбір ірі өз талабы, қоыр ережесі, төлем әлеуетінді тексеретін тәсілі бар. Бұл орайда көп айтатын демократия құндылығы шешуші рөл ойнайды. Қызығы да осы тұста жатыр. Неге десеніз, елдегі тұрақтылық пен адам құқықтары индексі – әлем үшін «Бұл елге несие беруге бола ма?» деген сұраққа жауап. Демек, елде адам құқығы бұзылса, локальді билік жиі ауысса, ҰЕҰ жұмысына шектеу көбейсе, қаржы ұйымы тиын ұстатпайды. Ал бұл тұрғыда ұпай түгел болса, қанша қалайсын – сонша аласың. Идеологиялық тартыстың қызатын шегі, бұл.

Ұпай дегеннен шығады-ау. Сөзімізді растау үшін мына дерекке назар аударайық. Әлемде мемлекеттердің несие рейтингі бар. Кәдімгі банктегі азаматтардың несие тарихы секілді құбылмалы балама. Қаржы ұйымдары сол бойынша мемлекетке несие береді. Бұл «аллегория» емес, шынайы сипат. Мысалы, S&P, Moody's, Fitch секілді рейтингтік агенттіктер қаншама мемлекеттің тағдырына әсер етіп отыр. Олар шығарған рейтинг

шекке жатады. Қарызды басқа емес, бас компанияларымен байланысы бар ұйымдардан алады. Сөйтіп, біздің елде өнім өндіріп, одан түскен қаржының негізгі бөлігін Қазақстанға келерде алған қарыздарын өтеуге жұмсайды. Бұл Қазақстан бюджетіне көп мөлшерде салық төлеуден жалтарудың бір жолы. Экономика үшін мұның да қауіп зор. Өйткені ел қазынасы қаншама қаржыдан қағылып отыр», – дейді С.Досжанұлы.

Банк секторы да сыртқы қарыздан қалыс емес. Аталған сектордың сыртқы берешегі – 10,6 млрд доллар. Бұл 2022 жылғы 1 қазандағы көрсеткіштен 32,5 пайызға артық. Мұның мәні неде? Мамандар болжамы бойынша әлемдік қаржы ортасында қазақстандық банктердің рейтингі өсуде. Сенім ұлғайып, инвестиция мен қор нарығына жол ашылууда.

Бұған келіспесе болмас. Өйткені соңғы жылдары отандық банктердің қаржылық профилі жақсарды. Мысалы, Kaspi Финтех тобы АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар комиссиясына, яғни NASDAQ тізіміне кіріп, акциялары 17,5 миллиард долларды құрады. Оған қоса елдегі 10 банк галамдық Forbes-тың «сенімді» рейтингіне көтерілді.

Жалпы Қазақстанның сыртқы борышының құрылымын қарастыратын болсақ, онда негізгі бөлігін фирмааралық берешек – 92,2 млрд доллар және басқа секторлардың міндеттемелері – 44,4 млрд доллар құрайды. Сондай-ақ мемлекеттік органдардың сыртқы берешегі 12 млрд доллар, ал Ұлттық банктің қарызы 2,1 млрд доллар шамасында.

Инвестиция: Несие, мүмкіндік,

Инвестиция деген әдемі сөзге үйренгенбіз. Алайда ондағы қаржы жүйесінің алгоритмін біле бермейтініміз халыққа қажеті де шамалы. Десе де қаржы қайдан пайда болып жатыр, ел қарызы неге көп деген сауалға жауап іздегенде, айтапқа болмайды.

Қазақстан – бұл бағытта Орталық Азияда көш басында. Бытыр инвестиция 18 пайызға өсіп, 28 млрд долларға жетті. Бұл соңғы 10 жылдағы рекордтық көрсеткіш. Өткен жылы шикізаттық емес секторда 300-ге жуық жоба іске қосылды. Оның жалпы құны – 1 трлн 600 млрд теңге. Үкімет тарапынан инвестициялық

Банк секторы да сыртқы қарыздан қалыс емес. Аталған сектордың сыртқы берешегі 10,6 млрд доллар. Бұл 2022 жылғы 1 қазандағы көрсеткіштен 32,5 пайызға артық. Мұның мәні неде? Мамандар болжамы бойынша әлемдік қаржы ортасында қазақстандық банктердің рейтингі өсуде. Сенім ұлғайып, инвестиция мен қор нарығына жол ашылууда. Бұған келіспесе болмас. Өйткені соңғы жылдары отандық банктердің қаржылық профилі жақсарды. Мысалы, Kaspi Финтех тобы АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар комиссиясына, яғни NASDAQ тізіміне кіріп, акциялары 17,5 миллиард долларды құрады. Оған қоса елдегі 10 банк галамдық Forbes-тың «сенімді» рейтингіне көтерілді.

жобалардың жалпыұлттық пулы құрылды. Мыңға жуық жобаның құны 32 трлн теңгеден асады. Нәтижесінде 160 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Президент тапсырмасына сәйкес, Үкімет алдағы 5 жылда ұлттық экономика көлемін 2 есе ұлғайтуға тиіс.

Мәселенің өзектілігін сұхбатында Мемлекет басшысы тағы атап өткен еді.

«Тағы бір маңызды міндет – инвестиция тарту. Бұл міндетті орындауға жекешелендіру және активтерді қайтару науқандары да септігін тигізеді. Қомақты инвестиция болса, экономика қарқыны үдей түседі және жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Осы орайда мен жақында Инвестиция штабын құру туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл штабқа еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсарту және инвестициялық жобаларды сапалы жүзеге асыру үшін ауқымды өкілеттік берілген», – деді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан шетелдік инвестиция тарту жағынан әлемде үздік ондықтың қатарында. Алтыншы орында. Халықаралық сарапшылар жүргізген зерттеу нәтижесі осындай. «FDI Intelligence» талдау орталығы Азия, Африка, Таяу Шығыс және Еуропа елдерінің экономикалық өсімін зерттеген. Рейтингте Азия елдері көш бастап тұр.

Қызылорда қаласы инвестиция тартты

Инвестиция туралы сөз боғанда Қызылорда қаласындағы экономикалық модельді айтпай кетуге болмас. Аймақ республика бойынша инвестиция тартудан көш басында екенін білеміз. Мысалы, Қызылорда қаласының өзінде биыл негізгі капиталға салынған инвестиция жоспарының жобасы 231,1 млрд теңгені құрайды. Мұын қалалық экономика және қаржы бөлімінің жолдаған сауалдан анықтайды.

«2022 жылы Қызылорда қаласы бойынша меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар тарапынан негізгі капиталға 202 млрд теңгенің инвестициясы салынды. 2023 жылдың қорытындысымен негізгі капиталға 232 млрд 902 млн теңге қаржы салып, 2022 жылдың салыстырмалы кезеңімен салыстырғанда 8,7%-ға артты. Ал 2024 жыл инвестиция көлемі 231,1 млрд теңге шамасында Қызылорда қаласына облыс бойынша салынған инвестицияның 47,9% Қызылорда қаласының үлесінде», – делінген мәліметте.

Расында, қаладағы инвестициялық жобалар бұрыннан жоғары деңгейде. Мысалы, жылу электр орталығы мен Қорқыт Ата атындағы әуежай құрылысына 43 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылған. Сондықтан қарыздың қалаға берері де мол.

Қауіп неде?

Сыртқы қарыздың мүмкіндігі көп болғанымен қауіп де бар. Ол ЖІӨ үлесіне байланысты алаң. Яғни халықаралық тәжірибеде елдегі сыртқы қарыздың үлесін 40-50 пайыздан аспауы қажет. Біздің ЖІӨ 30-35 млрд АҚШ долларын құраса, сыртқы қарыз 16-17 млрд АҚШ долларын құрайды, Бұл қарыз көлемі көтерілмеуі керек.

Келесі олқылық – өтеу жолы. Қазақстан дамушы ел әрі шикізатқа тәуелді мемлекет қатарында. Сондықтан қарызды өтеудің негізгі жолы бағалы қағаздарды сатылымға шығару. Бұл экономикалық тұрғыда ішкі-сыртқы нарықтағы көрсеткішке тікелей тәуелді. Яғни қарыз өтеудің баламалы жолы қарастырылмаған деген сөз.

Қаржы министрлігі қаңтардағы мәлімдемесінде қарыз алу үшін қанша теңгеге облигация шығаратынын мәлімдеген болатын:

«Қаржы министрлігі жалпы көлемі 500 млрд теңгеге бір жылдық, екі жылдық – 480 млрд теңге, 510 млрд теңгеге үш жылдық бағалы қағаздарды шығаруды жоспарлап отыр. Алғашқы шығарылым 4 қаңтарда жарияланған. Бұл күні жалпы сомасы 130 млрд теңгеге 4-16 жылдық МЕКАМ орналастырылған. Қаңтар айында биржаға шығарылатын бағалы қағаздардың жалпы сомасы 635 млрд теңге болады. Бағалы қағаздар шілде айында көбірек шығарылып, сол айда 870 млрд теңге тартылақ. Желтоқсан айында 33 млрд теңгеге мемлекеттік қарыз шығару жоспарланған. Бұл ретте Қаржы министрлігі бағалы қағаздарды шығару кестесі жыл ішінде өзгеруі мүмкін екенін ескертеді» – делінген ресми мәліметте.

P.S. Әрине, қарыздың жақсысы жоқ. Алғанда қуанғанмен, қайтарымы қыспаққа алар сәт кезігуі мүмкін. Мемлекеттің сыртқы қарызындағы ахуал да осы іспетті. Тек елге келген қаржы халықтың өмір сапасын жақсартып, басым бағыттың дамуына сеп болғаны ақылға қонымды. Сіресең сан көңілге медет болмаса да көптің көкейінде қарыздан табыс тауып, берешектен артық пайда әкелсе деген ой барын байқаймыз.

Берен ШАҒЫРОВ

Мектептің алғашқы шәкірттері елімізге танымал жазушы Сақтапбергін Әлжіков «Ара» журналы ұзақ жыл басқарып, өшпес із қалдырып, Оған қоса Садық Нұрмағанбетов партия совет органдарында жауапты қызмет атқарған. Б.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтында ұзақ жемісті еңбек етті. Директордың бірінші орынбасары болды, республикадағы педагогикалық ғылыми ой мен зерттеулерге бағыт беріп, басшылық жасады. Көптеген ғалымды тәрбиеледі, өзі де бірнеше танымдық, тәрбиелік кітап жазды.

Әлімжан Шаріпов – Жоғарғы Соттың бірінші орынбасары, белгілі заңгер сот жүйесінің қалыптасқан, әділетті кадрлардың өсіп шығуына кезінде үлкен ықпал етіп отырды. Медицина ғылымының докторы, Алматы медицина институтының кафедра меңгерушісі – Жәдібай Абдуллаев, педагогика ғылымының кандидаты, профессор – Әкімжан Сайлыбаев, педагогика ғылымының кандидаты, профессор – Бақытжан Сайлыбаев, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі – Қарақоз Аққаулетов, ғылым кандидаты – Тұяқбай Садуақасов, белгілі сатирик, ақын – Орынбасар Әлжіков, медицина ғылымының кандидаты – Сабит Әбдіраимов, филология ғылымының докторы, профессор – Зауреш Ерназарова, аға судья – Зауреш Қиясова, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Қызылорда облысы бойынша филиалының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты – Ұлтай Ешимова, ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облыстық филиалының кабинет меңгерушісі, экономика ғылымының кандидаты – Құралай Жырауова, Қызылорда облысы ТЖД бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі – Нұрсұлтан Ибрагимов, медицина ғылымының кандидаты – Ғани Берменов, С.Сейфуллин атындағы казак агротехникалық зерттеу университеті, студенттік мәселелер жөніндегі департамент директоры, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор – Қуаныш Дәуренбеков, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қашықтықтан білім беру технологиялары және бағдарламалармен қамтамасыз ету» басқармасының басшысы – Нұрлан Нұрмағанбетов сияқты азаматтар біздің мектептің қарлығаштары.

Қазіргі күні мектеп ұжымы Қазақстан Республикасы Білім беру заңының талаптарын жүзеге асыру жолында бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оқушыларды тәрбиелей отырып, сапалы білім беру – мектептің негізгі миссиясы. Мектебімізде мектепалды даярлық сыныптарының қоса алғанда 2913 білім алушы бар. І жарты жылдықты 65% білім сапасымен қорытындылады. 2023-2024 оқу жылында заманауи технологиялармен қаруланды, жаңашыл 1 педагог-шебер, 59 педагог-зерттеуші, 65 педагог-сарапшы, 100 педагог-модератор, барлығы 267 педагог қызметкер жас ұрпақтың босағашы үшін аябай еңбек етіп келеді.

Тістік бейні бойынша педагогтердің және басшы, басшы кадрларының үш жылда бір рет сиретпей біліктілігін арттыу қамтамасыз етілген, білім кәсіби тұрғыда жетілдіру үлесі – 100%.

– Былтырғы оқу жылы несімен есте қалды?

– 2022-2023 оқу жылы мектебіміз үшін табысты жыл болды деп айта аламыз. Балалардың білім алуына жан-жақты жағдай жасауда қауіпсіз әрі жайлы ортаны қамтамасыз етуді үнемі назарда ұстаймыз. Біз үшін ең үлкен табыс – оқушыларымыздың амандығы, қауіпсіздігі.

Есте қалған ең басты ақпарат ол – Сақтапбергін Әлжіковтің туғанына 100 жыл толуына байланысты жыл көлемінде 100 шара жоспарланып өтілгені дер едім. 2023 жылдың 22 қыркүйегінде облыс көлемінде «Сақтапбергін – сатираның саңлағы» деген тақырыппен қорытынды танымдық іс-шараны ұйымдастырдық. Шараға облыстық білім басқармасы, қалалық білім бөлімі, облыстық қалалық ардагерлер кеңестерінен қонақтар, жергілікті жоғары, арнаулы оқу орындарының өкілдері, ауыл ақсақалдары, ардагер-ұстаздар, ауылдық мекеме басшылары және С.Әлжіковтің жанұясы катысып, жас ұрпаққа тарих таныстырылып, естеліктер айтылды.

Басы 1-бетте

Мектепте дарынды балаларды қолдау, дамыту, мұғалімдердің білімін көтеріп, тәжірибесін тарату мақсатында түрлі деңгейде шаралар ұйымдастырдық. Олардың нәтижесі де жоқ емес.

«Келешегімізді бірге өсіреміз: заманауи мектептегі тәрбиенің тиімді әдістері» тақырыбында облыстық педагогикалық шеберлік орталығымен бірлескен семинар-практикум, «Алғысым шексіз!» атты облыстық ашық есік күні, «Отбасы – бақыт мекені» облыстық ардагерлер форумы, «Ағылшын тілі оқуда оқушылардың коммуникативті қызығарлығын дамыту», «Заманауи қоғамдағы жаратылыстану ғылымдарының жаңалану бейнесі» тақырыптарында қалалық семинарлар мен «Жас талант» қалалық ән орындаулар байқауын өткіздік. «Арнайы білім берудің жаңашыл педагог», «Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдерінің олимпиадасы, «Үздік бастауыш сыныптағы дүниетану пәнінің мұғалімі, «Үздік авторлық бағдарлама», «Үздік қысқа мерзімді жоспар», «Математикалық регата», «Педагогикалық идеялар» байқауларынан ұстаздарымыз қалалық, облыстық кезеңдерден жүздеп 15 орын алып қайтты.

Жұмагүл СЕЙДАХМЕТОВА, №144 мектеп директоры:

АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ҰЖЫМДЫҚ МАҚСАТ



Кеше ғана Алматы қаласында өткен республикалық «Педагогикалық идеялар» байқауының «Шеберлік палитрасы» номинациясы бойынша өзінің тың жобасымен информатика пәнінің мұғалімі Айбек Оразбахов жүздеп І орын алып келеді.

Пәндік, спорттық, танымдық, зияткерлік, өнер, шешендік, экологиялық, эстетикалық бағыттағы 180-ге жуық үйірме жұмыстарының нәтижесінде 2023 жылдың өзінде шәкірттеріміз қалалық, облыстық, республикалық шаралардан мектеп қоржынына 908 жүлде қосты. Оның ішінде қалалық пәндік олимпиадалардан-56, облыстық пәндік олимпиадалардан-5, «Жаңандық күзреттілік» курсы бойынша республикалық пәндік олимпиадалардан-1, ғылыми жобалардың қалалық кезеңнен-32, облыстық кезеңнен-7, спорттық сайыстардың қалалық кезеңнен-60, облыстан-35, республикалық кезеңнен-15, халықаралық кезеңнен-2 жүлде алып, мектеп мерейін өсірді.

Сонымен қатар «INNO FEST QYZYLORDA – 2022» шығармашылық фестиваліне қатысқан оқушыларымыз 50.000, 200.000, 300.000 теңгелік жүлделер жеңіп алды. «Жастар рухы» ЖҚ облыстық филиалы және GRANT MASTER бағдарламалау мектебінің ұйымдастыруымен өткен «CP OPEN CUP – 2023» бағдарламалау олимпиадасында І орын алған 2 оқушымыз Қорқыт ата атындағы университеттің грантын жеңіп алды. Белбеу күресінен жасөспірімдер

арасында әлем чемпионатында Н.Улугбекова қола жүлде, дзю-до күресінен жасөспірімдер арасында Азия чемпионатынан Ж.Жайсанбай қола жүлде, республикалық турнирде қазакша күрестен Б.Абылай алтын жүлде, республикалық тоғызқұмалақ, қазакша күрестерден топтық есеп бойынша алтын, күміс, қола жүлде және облыстық «Ұлттық мектеп лигасынан» футболдан, волейболдан қыздар командалары үздіктер қатарынан табылды. Бұл көрсеткіш – мектеп өрендерінің ойы зерек, алғыр екендігінің бір дәлелі.

Быыл ауыл мектептерінің оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиадасы алғаш рет өткізілуде. Ауылдық мектептердегі талантты жастарды анықтау және қолдау бойынша қолайлы жағдайлар жасау мақсатында өткізілген осы олимпиададан информатика пәнінен 9 сынып оқушысы Қарақат Шешенбай мен ағылшын тілі пәнінен 10 сынып оқушысы Айлуна Сырымқызы облыстан оза шауып, республикаға жолдама алды. Осы орайда мектептегі барлық жетістіктер, жүйелі жұмыстар мектеп, ата-ана, оқушы арасындағы үштік одақтын берік ынтымақтастығының, ұжымдағы өз ісіне берілген, жаналықты

балы 90-нан төмен болмады. Ұжымның қажырлы еңбегінің арқасында деп мақтанайп айта аламыз.

– Мектебімізде құндылыққа негізделген білім беру жобалары қалай іске асырылуда?

– Қазіргі таңда мектепте жүргізіліп жатқан жобалардың білім алушылардың білім көкжиегін кеңейтуде маңызды өте зор. Атап айтқанда, білім алушылардың рухани-патриоттық танымын дамыту мақсатында Білім және ғылым министрлігінің білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде «Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы» негізінде мектебімізде оқушылар парламенті мүшелері мектеп әкімшілігімен кездесулер өткізіп, жоспарларымен, идеяларымен бөлісіп отырады.

Мектеп парламенті «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Жас Сарбаз» балалар қоғамдастығы оқудан тыс қызметті ұйымдастырудың табысты нысандары ретінде қалыптасып келеді. Қызылжар алуында орналасқан 5547 әскери бөлімімен 2020 жылдан бері мектеп ынты-

– Сіздер үшін биылғы басты жаңалық ретінде осы білім ұясында өтетін семинарды атап айтуға болады. Жалпы семинар қандай бағытта өтеді?

– Иә, Қызылорда облысының білім басқармасы «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығының ұйымдастыруымен осы жылдың 26 қаңтарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: іске асыру тетіктері мен перспективасы» тақырыбында облыстық семинар жоспарлануда.

Семинардың негізгі мақсаты – ұлттық және рухани-адамгершілік, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеудің жаңа бағдарламалары мен жобаларын, оқу-тәрбие жүйесіндегі жетістіктерін, сонымен қатар сапалы білім алу тәсілдерін ұсыну, тәжірибе алмасу. «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы», «Ұлттық құндылықтар – тәрбие өзегі», «Ұлттық құндылықтарды оқу пәнінің мазмұнына интеграциялау», «Жастық жалынымыз – Отанымызға!» тақырыптары аясында өтеді деп бағдарланатын отыр. «Оқуға құштар мектеп», «Дебат клубы», «Мектеп театры», «Мектеп парламенті», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «4 тоқсан – 4 өнер», «Ата-аналар клубы» жобалары және «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» бағытында да ашық сабақтар көрсетіледі.

– Ойдағыдай өтуіне тілектеспіз. Мектеп психологиялары қалай жұмыс істейді?

– Мектепте 2 педагог-психолог Лиза Палманова мен Бақыткүл Сейтаханова жұмыс істейді. Екеуі де педагог-зерттеуші санатында, қала көлемінде тәжірибелі, білікті мамандар. Бақыткүл – «Үздік педагог-психолог – 2019» республикалық байқауының жүлдегері. Жалпы мектептегі психологиялық қызмет – әрбір баланың толыққанды психикалық және тұлғалық дамуына әсер ететін жағдайлармен қамтамасыз ету негізгі мақсаты болып табылатын білім беру жүйесіндегі арнайы сала.

Психологиялық-диагностикалық, психологиялық-ағарту, психотүзету және дамыту, психологиялық кеңес, әлеуметтік диспетчерлік бағыттар бойынша өз жұмыстарын тынымсыз атқаруда. Еңбектерінің арқасында мектебімізде жақымсыз жаңалықтар болмады.

– «Сабақ беру үйреншікті жәй шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деген Жүсіпбек Аймауытов. Яғни балаға білім ғана емес, өмірдің мәні, Абай атамыз айтқандай, адамды, өмірді сүйеге үйрету де ұстаздың ісі. Осы тұрғыда ұстаз әдебиет тоқтасыңыз. Нағыз ұстаз қандай болуы керек?

– Өзінің кәсіби тұлғалық қасиеті өн бойынан көрінетін табатын бірден-бір мамандық иесі – ұстаз мамандығы. Сондықтан да әр заманда ұстаздың қалып-қасиеті туралы ұлы адамдар ұлағатты сөздерін айтты, келер ұрпаққа жеткізіп отырған. Мысалы, қазақтың алғашқы ұстазы Ыбырай Алтынсарин «Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» десе, Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет» деп баға берген.

Сондықтан да әр ұстаз, әр оқытушы, әр мұғалім, жалпы әр педагог ең алдымен, «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан» деген Абай атамның мағыналы сөзіне сүйене отырып, адамгершілік белгілерінің басты шарттарын назарда ұстап, іскерлігі мен дағдыларының арқасында, баламен қарым-қатынас жасауда педагогикалық этика ережелерін басшылыққа алу керектігін назарға алуы тиіс.

– Алдағы уақытта осы саланың білікті басшысы, тәжірибелі маманы ретінде қандай жоспар мен жұмыс күтіп тұр?

– Бүгінде уақыт бізді сәт сайын таң қалдырып, алдымызға жаңа мақсат-міндеттер қойып отыр. Көз ілесіне шапшаңдықпен дамып жатқан технология заманында білім саласына қойылатын талап та, күтілетін нәтиже де көп. Білім беруді болашақтың даму тенденцияларына, оның экономикасына бағыттау жұмыстары арқылы жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне барынша адал қызмет ету – біздің ұжымдық мақсат.

– Әңгімеңізге рақмет. Осы мектептен тек білімді, білікті тұлғалар шықсын.

Сұхбаттасқан Ақтоқмыс НҰРҰБАЙ



Сұрастыра келе аяқ киім шеберлерінің бір күндік табысы бес мыңды құраса, күніне екі мың теңге нәпақа тапқанға қуанып отырған етікшілер де бар екенін білдік. Бас-аяғы он шақты аядай дүңгіршекте жиырма бес шебер отырады.

– Отбасымыз күнделікті табысымызмен асыраймын. Күніне бес мың тапсам, шығыным екі мың теңге. Жаздан гөр, қыста табыс жоғары. Желің аяқ киімді жөндеу мың теңгені құраса,

Басы 1-бетте

қыстық етіктің ақысы екі мың теңгеге дейін жетеді. Қазір ісіміз айтарлықтай жүрмей тұр. Тұтынушылар да аз. Оған себеп арзан аяқ киімнің нарықта көбеюі, – деді етікші.

Етікшіге қажет шикізаттар: қайыс, былғары, жіп, желім. Құрал-саймандары біз, түрпі, балға, шеге, тетір пышак және аяқ киім тігін машинасы. Бұл құрал-сайманның барлығы тікелей Қытайдан келеді екен.

Сағилят аға етікшілік кәсіпке екі шәкірт баулыған. Екеуі де өз ісінің маманы, осы кәсіпті жанымен

ТӨЗІМДІНІҢ КӘСІБІ



түсінетін ісмер екенін айтты. Қазіргі таңда алып шаһарда төбе көрсетіп, өз шеберханаларын құрған. «Ұстаздан шәкірт озады» деген осы.

– Арманым қалада аяқ киім өңдеу өндірісі болса деймін. Өзім жаңа есімнен түрлі аяқ киім жасап шығарар едім. Кезінде

етікшілерге аяқ киім өндірісі бойынша жеке тұлғалардан ұсыныс болды. Айлығы марған. «Ұстаздан шәкірт озады» деген осы.

– Арманым қалада аяқ киім өндірісі болса деймін. Өзім жаңа есімнен түрлі аяқ киім жасап шығарар едім. Кезінде

үлесімді қосар едік. Бұл – менің ғана арманым емес, барлық ісмердің арманы. Баста осы кәсіпке бет бұрғаннан кейін қазір орта жолға келгенде тастап кете алмаймыз. Атадан келе жатқан өнерді дарытып жатқаным жетістігім деп білемін. Ал өкі-

нішім, егер етікші болмасам, аты әлемге мәлім спортшы болар ма едім. Себебі бала күнімнен спортқа жаным құмар, – деді Сағилят аға.

Өткен жылдың көктемінде әкімдік қызылордалық аяқ киім шеберлеріне арнайы 164 шаршы



метр етіп шеберхана салып берген. Тымдиді, дүңгіршек үшін салық төлемейді. Алайда шеберлер орналасқан жерде не жарық, не жылу жоқ. Етікшілер қытымыр аязда тісі сақылдап бүркеніп отыруға мәжбүр. Егер жарық беріп, шеберхана орнын кеңейтіп берсе, электр машинасын қолданып жеткізіледі. Етікшілер тағы бір ұсыныс айтты. Олардың айтуынша, халық кешке дейін жұмыста болады. Жұмыстан кейін аяқ киім жөндеу шебері таба алмайды. Егер жарық болса, түн жарымына дейін жұмыс істей халық үшін де игі іс атқаратынын жеткізді ісмерлер қауымы.

Табысы күнкөрістен артылмайтын етікші «бала-шағаның қамы үшін жұрм» Күніне тапқан үш мың теңге табыс өзімізге жаңа етік алуға да жетпейді» деп өз мұң-мұқтажын айтты. Бұл «Етікші еткіске жарымас» дегенді еске салады екен.

Марина САҒИДАТБЕК
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР ӨНЕР ОРДАСЫ



Қазақ халқының тарихы мен тағдырында Сыр елінің мәдениеті мен руханиятының алар орны айырықша. Оның әр уыс топырағы, әр бұтасы сан алуан ғибратты шежірені шертеді. Облыстағы осындай киелі шаңырақтың бірі, бастауын сонау әнші-композитор, ақын Нартайдың концерттік-эстрадалық бригадасынан алатын жарты ғасыр тарихы бар ұжым – Қызылорда облыстық мемлекеттік филармониясы. Осы уақыт аралығында өмір мәдениеті мен өнерінің өзіндік даму, өркендеу, шарықтау белестеріне айтулы өнер шаңырағының қосқан үлесі ұшан-теңіз. Бүгінге дейін «Сыр елі – жыр елі» деген киелі тіркестің жүгін сырбойылық әрбір өнерпаздың үлкен жауапкершіліктен арқалап келе жатқаны қуантады.

– Қазір де ұжымның штаттық бірлігі бірнеше есеге артып, түрлі жанрдағы 8 өнер ұжымы шығармашылықпен жұмыс істеп, көрермендер әрбір жаңалығын сағына күтетін өнер ордасына айналды. Тұрмағамбет атындағы халық аспаптары оркестрі, «Сыр самалы» вокалды аспапты ансамблі, «Томирис» би, «Ақмешіт» фольклорлық ансамблдері, «Тұран» триосы, «Әдемі» балалар музыкалық театр студиясы, «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі және облыстық филармония жанынан құрылған симфония оркестрі. Сонымен қатар, жыл сайын жеке орындаушылар мен жыршылардың қатарын талантты жастар толықтыруда. Қоғамдағы өзгеріске қарай филармонияның материалдық-техникалық базасы жылдан-жылға нығайып, заманауи техниканың озық үлгісімен жабдықталса, оркестр, ансамбль мүшелері мен жеке орындаушылар, бишілерге жаңа ұлттық, сахналық киім тіктіріліп беріледі. Жеке дыбыс жазу студиясы ашылып, әндердің музыкалық әрленуі мен шараның көркемделуі осы студия арқылы жасалады, – дейді филармония басшысы.

Қазіргі таңда Сыр елі мәдениеті мен өнерін дамыту, халықты рухани азықтандыру, өнер иелерінің жаңа буынын насихаттау, көнекөз әндермен аға буын әргістердің шығармашылығын жаңғырту мақсатында филармонияда барлығы 276,5 штаттық бірлікте 280 адам қызмет атқарауда. Айта кетейік, 32 өнерпаз мемлекеттік наградалармен марапатталған.

Сыр бойы өнері мен мәдениетін алыс-жақын шетелдерге таныстыру, насихаттау бағытында филармония ұжымы Түркия, Әзербайжан, Эстония, Латвия, Ресей, Татарстан, Босния-Герцеговина елдері мен АҚШ-тың Нью-Йорк, Вашингтон, Біріккен Араб Әмірлігінің Әбу-Даби, Түрікменстанның Ашхабад қалаларында өнер көрсетіп, еліміздің мәдени мәртебесін әлем сахналарында асқақтатып келеді. Сонымен қатар «Бейбітшілік және келісім» сарайында Астана қаласының 25 жылдығына арналған «Сұлу Сырдан – ару Астанаға» атты Қызылорда облысының өнер шеберлерінің гала-концерті жоғары дәрежеде өтті.

Тағы бір жаңалық, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бийлаңдан бастап мәдениет саласындағы 10 маманның шетелдегі үздік өнер орталығында біліктілігін арттыруға қолдау білдіріп, филармония солистері Мақсат Мақұлбеков, Сымбат Тасбергенова және Мағжан Аманжолов Италия мемлекеті Анкона қаласындағы «Озим» опера академиясына және филармония басшысының орынбасары Әзізәділқұлованың басшылығымен облыстық филармонияның жарық жөніндегі суретшісі Жасулан Бермағанбетов пен дыбыс операторы Айбек Қуатбаев Беларусь республикасының



Сыр елі – қалың қазақтың мәдениет ошағы. Ұлттық өнер осы топырақта дамып, өркен жайған. Аймақтың мәдениет саласындағы жаңалығы ретінде «Жастар» театрының өз алдына бөлек отау болып құрылғанын атап өтуге болады. Өнер ордасының басшысы болып белгілі айтыскер ақын Нұрмат Мансұр тағайындалды.

Өнерлі ту еткен өлкеде «Жастар» театрының ашылуы өнерге деген құрметтің белгісі. Бұл театр әуел баста облыс орталығында А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйі жанынан 2016 жылы мамыр айында ашылған болатын. Театр сахнасына 16-21 жас аралығында қала көлеміндегі мектептер мен арнаулы және жоғарғы оқу орнындағы шығармашы жастар тартылды. Осылайша «Алғашқы махаббат» қойылымымен театр шымылдығы ашылып, өнерлі жастар өз көрерменімен табысты. Содан бері жастар театры үздіксіз түрлі тақырыптағы қойылымымен көрермендерді тәтті етіп келеді.

Шығармашылық ұжымның көркемдік жетекшісі ақын, сценарист, режиссер, мәдениет қайраткері Онталап Нұрмаханов екенін де айта кетейік.



«Жастар» театры бұрнағы жылдары О.Нұрмахановтың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» спектаклін сахналады. Абай образы арқылы бүкіл елдің болмысы мен мінезін танытуға ұмтылды. Қазақтың ізгі қасиетімен қатар ескі мінез болмысын көрсетуді де мақсат тұтты. Сол заманнан бері өзгерген адам болмысын боямасыз баян етуге тырысқан өнерпаздарға халық он бағасын берді.

Мұнан соң театр Жолтай Жұматтың «Отырардың жасын» атты тарихи драмасын сахналады. Қойылымдағы оқиғалардың алғашқы бөлігі Отырар қаласының жермен-жерекен болған сәтін басталғанымен, артына қала әлі де тірі екендігімен жалғасын табады. Оқиға әрі қарай Әбу Насыр әл Фарабидің жастық шағымен, Бұхара, Шаш қаласынан білім алып келген сәтім, қару-жарақ, соғыс даласын емес, ілім жолын тандағандығымен өрбиді. Халықтың суранысына не болған бұл сәтті туынды бірнеше рет қойылды.

27 наурыз халықаралық театр күніне орай «Өмірдің өзі театр» атты салтанатты шара өтіп, театр әртістері үзінді қойылымдар қойып, концерттік бағдарлама ұсынды. Социалистік Еңбек ерлері Ыбырай Жақаев пен Жазылбек Қуанышбаевтың тағалымы еңбек жолынан сыр шертетін Қуандық Түменбайдың төл туындысы «Екі бала – екі шал» тарихи-рухнамалық қойылымның премьерасы сахналанды.

Қала күні мерекесі аясында «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, белгілі жияу Алмас Алматов пен мәдениет қайраткері, режиссер-сценарист, ақын Онталап Нұрмахановтың бірлескен туындысы «Ұлардың дауысы» атты поэзиялық қойылымның премьерасы сахналанды.

Тауелсіздік күніне орай өнер тарлауы Онталап Нұрмахановтың туған жер топырағында ұйымдастырылған «Жастар» театрының ашылуы өнерге деген құрметтің белгісі. Бұл театр әуел баста облыс орталығында А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйі жанынан 2016 жылы мамыр айында ашылған болатын. Театр сахнасына 16-21 жас аралығында қала көлеміндегі мектептер мен арнаулы және жоғарғы оқу орнындағы шығармашы жастар тартылды. Осылайша «Алғашқы махаббат» қойылымымен театр шымылдығы ашылып, өнерлі жастар өз көрерменімен табысты. Содан бері жастар театры үздіксіз түрлі тақырыптағы қойылымымен көрермендерді тәтті етіп келеді.

Шынында, 2023 жылдың 15 желтоқсан күні тыңғылықты дайындықтың нәтижесі көрінді. А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінің фойесінде «Жастар» театрының тарихы және Т.Жүргеновтың ұлықтаған ұлт мақтаныштары – Ж.Жабаев, Д.Нұрпейісова, К.Байсейітова, Н.Бекежанов, Ш.Жиенқұлова, А.Токмағанбетовтің өмірі мен өткенінен фото-көрме қойылды.

Жиналған жұртшылық залға кіргенде тосын безіндірілген көрініске таңдай қақты. Бұл сахнаға дейін маңдай терін төккен сан түрлі мандық иелерінің ерен еңбегі еді. Балқондардан түскен қызыл-ды-жасыл мақалар идеясы, Манарбек Ержановтың «Паровоз» әні, жүлкі тартқан пойыз үшін тыңдарманды сол заманға еріксіз жетеледі. – Бұл концертте жүз жасаған – Жамбыл, күміс көмей – Күләш, сазды әуенімен сайын даланы тербеткен – Нартай, мың бұралған – Шара, сатираның сардары – Асқар және қүй анасы – Дина секілді казак өнерінің талантты туғандарының болмысы бүгінгі буынымен қайта қауышқандай әсер қалдырды. «Театрға барғанда қойылымды тамашалап, рухани байып шығамыз. Ой саларлық осындай көркем дүниені көпке дейін естен шығармай, айтып жүреміз. Бұл қойылым өте сәтті шықты, – дейді театр көрермені, белгілі ақын Онталап Базаралиев.

– Алғашқы декаданың өткеніне 87 жыл уақыт болыпты. Қазақ өнері үшін тарихи жыл саналған 1936 жылғы Мәскеудегі өнер күндерінің шуақты сәтін Қызылорда жастары сахнада, «Темір нарком» атанған Т.Жүргеновтің, сол шақтағы одақ көсемі Сталиннің және өнерпаздардың образдарын сәтті сомдап шықты. Не болғанда бұл көрермен көңілінен шыққан қойылым болды. Әсіресе онкүндікті жоғары деңгейде ұйымдастырған ұлт мақтанышы Темірбек Жүргеновтің образы терең ізденістен туындағаны байқалып-ақ тұр. Бұл «Жастар» театры ұжымының өсіп келе жатқанын көрсетеді, – дейді Қызылорда қалалық мәдениетінің төрағасы Ибадулла Құттықожаев.

Құрылғанына 8 жыл уақыт болған «Жастар» театры салмақты қойылымдарды актерлік шеберлікпен жоғары дәрежеде сомдауда. Бетті дайындаған **Gaynar ҚОЖАХМЕТОВА** Суреттерді түсірген **Нұрболат НҮРЖАУБАЙ**

Меншік иесі: **СЫР МЕДИА** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы **Марат АРАЛБАЕВ**
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор **Азиз БАТЫРБЕКОВ**

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)
Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**
Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Т.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызматкерімен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «ASU» бастау үйі, ЖІПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр мөлдір» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2959 Тапсырыс №120
Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолық НҮРЛЫБАЙ